

"Мемлекеттік органдардың бекітілген инвестордың инвестициялық жобаларды жүзеге асыруы жөніндегі қызметін үйлестіруінің тәртібі туралы нұсқаулықты" бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаулысы 1997 жылғы 30 маусым N 25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 қарашада тіркелді. Тіркеу N 411. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен.

ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығынан үзінді

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

11) "Мемлекеттік органдардың бекітілген инвестордың инвестициялық жобаларды жүзеге асыруы жөніндегі қызметін үйлестіруінің тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 25 қаулысы (1997 жылғы 20 қазан N 411)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 16-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік органдардың бекітілген инвестордың инвестициялық жобаларды жүзеге асыруы жөніндегі қызметін үйлестіруінің тәртібі туралы нұсқаулық" бекітілсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н
И н в е с т и ц и я л а р
м е м л е к е т т і к
1 9 9 7 ж ы л ғ ы
Р е с п у б л и к а с ы
ж ө н і н д е г і
к о м и т е т і н і ң
3 0 м а у с ы м д а ғ ы

№ 25 қаулысымен бекітілген

**"Мемлекеттік органдардың бекітілген инвестордың
инвестициялық жобаларды жүзеге асыруы жөніндегі
қызметін үйлестіруінің тәртібі туралы
НҰСҚАУЛЫҚ**

I. Жалпы ереже

Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 16-баптарының негізінде әзірленді және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - "Комитет") министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі - "мемлекеттік органдар") бекітілген инвесторлардың жүзеге асыратын инвестициялық жобасын (бұдан әрі "жоба") іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруінің тәртібін айқындайды.

II. Негізгі міндеті

Осы Нұсқаулықтың негізгі міндеті бекітілген инвестордың инвестициялық жобаны жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдайлар жасау және оның қызметін экономиканың басым секторларында кеңейту мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру болып табылады.

III. Жобаны жүзеге асыру барысындағы үйлестіру тәртібі

3.1. Комитеттің негізгі функцияларына сәйкес мемлекеттік органдардың келісім-шартты өзгертуді талап ететін немесе қандай да болмасын төлемдерді өзгертуге апарып соғатын қосымша жағдаяттар туындайтын кезде олардың іс-әрекетін келісу жолымен жобаны жүзеге асыру жөніндегі келісім-шарттың ережелерін атқаруын қамтамасыз етеді.

3.2. Мемлекеттік органдар бір айлық мерзімде жобаны жүзеге асыруға қатысты бекітілген инвестордың өтінішін қарайды.

3.3. Жобаның тиімділігін арттыру және осы бағыттағы жұмысты жүйелеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін мемлекеттік органдар комитетке жобаларды жүзеге асыру және сала немесе аумақ бойынша мүмкін ұсыныстармен рұқсат етуші құжаттарды пайдаланудың барысы туралы шолу ақпаратын жолдай алады.

3.4. Мемлекеттік органдардың Комитетпен келіспей жоспарланбаған тексерістер жүргізуіне, ұсыныстамалар беруіне қосымша төлемдер мен жарналар тағайындауына және инвестордың шаруашылық қызметіне өзге де араласуына

ж о л

б е р і л м е й д і .

3.5. Инвестициялық жобаның жүзеге асырылуына кедергі келтіретін факторлар анықталған жағдайда комитет лауазымды тұлғаның "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны туралы мәселе қоюға құқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК